



«БЕКІТЕМІН»

06  
Ректоры  
F.Мұтанов  
2020ж.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне  
2020 жылы магистратураға  
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 2020 жылы магистратураға қабылдау ережелері (бұдан ары - Ереже) Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерге:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясына;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына 25.06.2020 №347-VI өзгерістер мен толықтырулармен (бұдан ары – «Білім туралы» заң\*);

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кенейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына;

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңына (25.06.2020 №347-VI өзгерістер мен толықтырулармен);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орынан кейінгі білім беру үйымдарының ерекше мәртебесі туралы ережені бекіту туралы» қаулысына (13.06.2019 №397 өзгерістер мен толықтырулармен);

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 648 «Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» Жарлығына (25.12.2018 № 805 өзгерістер мен толықтырулармен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (08.06.2020 №237 өзгерістер мен толықтырулармен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің және ҚР БГМ Ұлттық тестілеу орталығының нормативтік-инструктивтік құжаттарына сай жасалды.

## **Жалпы ережелер**

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұдан әрі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) магистратурасына жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын менгерген Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары қабылданады.
2. Шетел азаматтары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистратурасына ақылы негізде оқуға қабылданады.
3. Шетел азаматтарын ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде пәндік емтихан комиссияларымен өткізілетін әңгімелесу нәтижесі бойынша жүргізіледі. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеке сәйкес, келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.
4. Шетел азаматтары мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде тегін білім алуға конкурсқа қатысу үшін магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша шәкіртақылық бағдарламасын қоспағанда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар мен келісімдерде қарастырылған жағдайлардағанда өтініш береді.
5. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранттарының контингенті кадрларды дайындауда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға, оның ішінде университетте орналастырылған мақсаттық дайындық шеңберінде оқуға конкурс арқылы өткен тұлғалардан, сондай-ақ оқу ақысы өз есебінен және басқа да көздер есебінен төленетін тұлғалардан құралады.
6. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ факультеттерде жүзеге асырылатын магистратураның білім беру бағдарламаларына, оның ішінде ғылыми-зерттеу институттары / ұйымдарымен бірлескен (бірлескен магистрлік білім беру бағдарламалары) бағдарламаларға қабылдауды жүзеге асырады.
7. Магистратураға қабылдау кешенді тестілеу нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі (бұдан әрі - КТ). Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларына оқуға түсетін тұлғалар кешенді тестілеуді және шығармашылық емтихандарды тапсырады.
8. MBA (EMBA) білім беру бағдарламалары топтарына ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде пәндік емтихан комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.
9. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистратурасына тұсу емтихандары және қабылдау кезінде магистратураға түсушілерге шығармашылық емтихандарды өткізу үшін қабылдау комиссиясы, пәндік емтихан және апелляциялық комиссиялары құрылады, олардың құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі. Ғылыми-зерттеу институттарының/ұйымдарының өкілдері магистратураның бірлескен білім

беру бағдарламаларына қабылдау мәселелері бойынша дауыс беру құқығымен Қабылдау комиссиясының құрамына кіреді.

10. Қабылдау комиссиясы үміткерлерге магистратураға байланысты таңдалған білім беру бағдарламалары топтарының мәселелері бойынша кенес береді, КТ және тұсу (шығармашылық) емтиханының процедурасымен таныстырады, сондай-ақ білім беру бағдарламалар топтары аясында араб тілі бойынша тұсу және шығармашылық емтихандарының өткізілуін ұйымдастырады.
11. Емтихан комиссиялары мамандығына сәйкес, тиісті дайындық бағыты бойынша ғылыми дәрежесі (кандидат, ғылым докторы) немесе PhD доктор дәрежесі бар, жоғары білікті қызметкерлерден құралады. Апелляциялық комиссияға комиссия төрағасы және комиссияның кем дегенде үш мүшесі кіреді. Жеке оку бағдарламасы бойынша емтихандық және/немесе апелляциялық комиссиясын құруға, сондай-ақ туыстас дайындық бағыттары бойынша бірынғай емтихандық және/немесе апелляциялық комиссия құруға жол беріледі.
12. Магистратураның бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламалары топтарына тұсу емтихандарын тапсыру үшін университет ректорының бұйрығымен университеттің штаттық оқытушылары және тиісті ғылыми-зерттеу институттары/ұйымдарының өкілдері кіретін бірлескен пәндік және апелляциялық комиссиялар бекітіледі.
13. Араб тілі бойынша тұсу емтиханы және білім беру бағдарламалары топтары үшін шығармашылық емтихандар бағдарламаларын Қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.
14. Магистратураға тұсуге өтініштер қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының веб-сайтында 15 маусым мен 15 шілде аралығында онлайн режимде жүзеге асырылады.
15. Өтініш беру үшін оқуға тұсуші <https://did.gov.kz> мобиЛЬДІ деректер базасында тіркеліп, содан кейін <https://did.gov.kz> веб-сайтында жеке тұлғалығын дәлелдейтін Digital ID-цифрлық паспорт жасауы керек. Цифрлық паспорт жасағаннан соң, оқуға тұсуші <https://pro-zayav.testcenter.kz> сайтына кіріп, керекті мәліметтерді толтыра отырып, тіркелуден өтуі керек. Өз мәліметтерін толтырып болған соң, оқуға тұсуші өтініш беру жүйесінде кешенді тестілеуге қатысу ақысын төлеуі тиіс.
16. Магистратураға арналған КТ күнтізбелік жылдың 1 тамызынан 15 тамызына дейін жүргізіледі.
17. Араб тілі бойынша тұсу емтиханы және магистратураның білім беру бағдарламалары топтарына арналған шығармашылық емтихандар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында 20-28 шілде аралығында онлайн режимде өткізіледі.
18. Магистратураға қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүзеге асырылады.
19. Магистратураға қабылдау «Магистратура мен бакалавриатқа кадрлар дайындау бағыттары бойынша магистратураға қабылдауға арналған сәйкестік кестесі» негізінде жүзеге асырылады.

20. Білім берудің алдыңғы кезеңінде қажетті алғышарттарды игермен жүргізу тұлғалар магистратураның білім беру бағдарламаларын ойдағыдай менгеруі үшін оқуға түскеннен кейін ақылы негізде қажетті пәндерді алдын-ала игеруге тиісті шарт негізінде құжаттарды тапсыруға жіберіледі.

### **Магистратураға қабылдау тәртібі**

21. Магистратураға жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.
22. Магистратураға түсетін тұлғалар күнтізбелік жылдың 25-28 тамыз аралығында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қабылдау комиссиясына немесе электрондық үкіметтің веб-порталына құжаттар тапсырады.
23. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабылдау комиссиясы арқылы құжаттарды тапсыру кезінде оқуға түсушілер келесі құжаттар пакетін ұсынады:
  - 1) белгіленген үлгідегі ректордың атына өтініш;
  - 2) жоғары білім туралы құжат (қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі қосымшасымен бірге диплом түпнұсқасы);
  - 3) жеке басын қуәланыратын құжаттың 3 көшірмесі;
  - 4) 3x4 см мөлшеріндегі алты сурет;
  - 5) Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушы тарапынан 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 «Денсаулық сақтау ұйымдарының алғашқы медициналық құжаттарының формасын бекіту» бұйрығымен бекітілген №086-У түріндегі электронды форматтағы медициналық анықтама;
  - 6) осы Ережелердің 45 тармағында көрсетілген, шет тілінен (ағылшын, неміс, француз) тест тапсырғаны туралы сертификат;
  - 7) осы Ережелердің 46, 47, 48 тармақтарында көрсетілген (бар болған жағдайда) бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат түпнұсқасы;
  - 8) еңбек өтілін растайтын (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін) құжат;
  - 9) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі (бар болған жағдайда).  
3), 6), және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмесімен бірге, түпнұсқасы салыстыруға ұсынылуға тиіс. Құжат тапсырушының көзінше салыстырып болған соң, құжаттың түпнұсқасы иесіне қайтарылады. Жоғары білім туралы құжаттың түпнұсқасы білім алушы магистратураның білім беру бағдарламасынан шығарылғанда дейін университетте сақталады.
24. Шет тілінде берілген құжаттардың нотариалды қуәланырылған аудармасы болуы керек.
25. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтарда бекітілген № 8 «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификацияланады.
26. Ғылыми-зерттеу институттарымен бірлескен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына магистратураға түсуге үміткерлер өтінішінде тиісті бірлескен білім беру бағдарламасының атауын көрсетеді және тиісті ғылыми-зерттеу институтының ұсыныс хатын ұсынады.

27. Құжаттарды тапсыру барысында құжаттардың толық тізімін бермеген жағдайда Қабылдау комиссиясы үміткерден құжаттарды қабылдамайды.
28. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қабылдау комиссиясы арқылы құжаттар тапсырған тұлғаларға құжаттардың қабылданғандығы туралы қолхат беріледі.
29. Құжаттарды «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы тапсырған кезде өтініш беруші келесі құжаттар пакетін ұсынады:
  - 1) электрондық сандық қолтаңба қол қойған электрондық құжат түріндегі сұраныс;
  - 2) жоғары білім туралы электрондық құжат;
  - 3) осы Ережелердің 46-тармағында көрсетілген шет тілінде (ағылшын, неміс, француз) тест тапсырғаны туралы электрондық анықтама (болған жағдайда);
  - 4) еңбек өтілін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
  - 5) өлшемі 3x4 сантиметр болатын сандық фотосурет;
  - 6) № 907 бұйрықпен бекітілген электрондық форматтағы 086-У түріндегі медициналық анықтама;
  - 7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (болған жағдайда).
- Жеке басын қуәландыратын құжаттар, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден үміткерлер «электрондық үкімет» шлюзі арқылы ұсынады. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген электрондық сандық қолтаңбасымен қуәландырылған электрондық құжат түрінде мемлекеттік қызметті көрсету туралы сұраудың қабылданғаны туралы хабарлама «жеке кабинет» арқылы алушыға жіберіледі.
30. «Электрондық үкімет» порталы арқылы жіберілген құжаттар пакеті электронды түрде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеретін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қабылдау комиссиясына келіп түседі және құжаттар толық болмай қалған жағдайда, өтініш берушінің порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат түрінде жіберілген өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді дайындал, кері қайтарады.
31. Өтініш берушілер Қабылдау комиссиясына құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін өтініш беруші құжаттардың түпнұсқасын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін қабылдау комиссиясына тапсыруы керек.

### **Оқуға тұсу сынақтары**

32. Магистратураға түсетін тұлғалар кешенді тестілеуден, соның ішінде шет тілі бойынша тесттен (ағылшын, неміс, француз тілдерінде), білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тесттен, қазақ немесе орыс тілдерінде таңдауы бойынша оқуға дайындығын анықтайтын тесттен өтеді.
33. Ағылшын тілінде магистратураға түсетін тұлғалар кешенді тестілеуден өтеді, соның ішінде ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестілеуден және қазақ немесе орыс немесе

ағылшын тілдерін таңдау бойынша оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден өтеді.

34. Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары топтарында магистратураға түсестін тұлғалар КТ және араб тілдеріне тұсу емтиханын, соның ішінде оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті, оқу бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті қазақ немесе орыс тілдерінде тапсырады.
35. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарына магистратураға түсестін тұлғалар тапсырады:
  - 1) кешенді, соның ішінде шет тіліндегі тест (ағылшын, неміс, француз тілдерінде), қазақ немесе орыс тілдерінде оқуға дайындығын анықтайтын тест;
  - 2) білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан.
36. Кешенді тестілеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) ҚР БжФМ белгілеген КТ тестілеу пункттерінде өт. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген «Кешенді тестілеуді өткізу Ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша электронды сертификат шығарылады, ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.
37. Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес өткізіледі.
38. Оқуға тұсу (шығармашылық) емтихандарын және кешенді тестілеуді сол тапсырып шыққан жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.
39. Араб тілі мен шығармашылық емтихандар бойынша тұсу емтихандарының кестесін (емтихан түрі, күні, уақыты және орны, кеңес берілуі) Қабылдау комиссиясының тәрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдағанға дейін үміткерлерге хабарланады.
40. Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбалармен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.
41. Араб тілі бойынша оқуға тұсу емтиханы жазбаша түрде бейне және (немесе) аудиожазбалармен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.
42. Араб тілі/шығармашылық емтихан бойынша оқуға тұсу емтихандарының нәтижелері бағалау тізімдемесінде және комиссияның хаттамасында тіркеледі және Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) жіберіледі. Комиссия хаттамасына тәраға және оған қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.
43. Қабылдау комиссиясы оқуға тұсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелерін емтихан өткізілген күні жариялады.
44. Араб тілі/шығармашылық емтихандары бойынша оқуға тұсу емтиханы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Қабылдау комиссиясы білім саласындағы өкілетті органға емтихандарды ұйымдастыру және өткізу туралы қорытынды есепті, сондай-ақ емтихандар нәтижелері туралы тізімдемелердің көшірмелерін ұсынады.

45. Араб тілі/шығармашылық емтихандар бойынша оқуға тусу емтиханының нәтижелері бойынша Қабылдау комиссиясы үміткерге емтиханың қайда өткізілгеніне қарамастан, ақылы негізде оқуға жіберілу үшін оның тізімдемесінен көшірмесін жасап береді.

46. Шет тілін білудің жалпы европалық құзіреттіліктеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін білетіндігін растайтын халықаралық сертификаттардың біріне ие тұлғалар келесі тілдерде магистратураға шет тілі бойынша кешенді тестілеу тестінен босатылады:

**ағылшын тілі:**

- 1) Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP) – 543 баллдан кем емес;
- 2) Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) – 60 баллдан кем емес;
- 3) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) – 498 баллдан кем емес;
- 4) International English Language Tests System (IELTS) – 6.0 баллдан кем емес;
- 5) IELTS INDICATOR – 6,0 баллдан кем емес;
- 6) Duolingo English Test – 95 баллдан кем емес.

**Неміс тілі:**

- 1) Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH) – Niveau C1/ C1 деңгейі;
- 2) TestDaF-Prufung – Niveau C1/ C1 деңгейі;

**Француз тілі:**

- 1) Test de Francais International™ (TFI) – оқылым мен дыбысталым секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес);
- 2) Diplome d'Etudes en Langue française (DELF) – B2 деңгейі;
- 3) Diplome Approfondi de Langue française (DALF) – C1 деңгейі;
- 4) Test de connaissance du français (TCF) – 50 баллдан кем емес.

47. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Машина жасау, өндеу және құрылыш индустриясы», сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және менеджмент» салалары бойынша білім беру бағдарламалары топтарының магистратурасына түсетін тұлғалар, магистрлік бағдарламалар үшін қазақ және орыс тілдерінде оқыту тілі ретінде Graduate Record Examinations (GRE) стандартты тестілеуден өтуі туралы баллдары бар халықаралық сертификаты болған жағдайда, осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес емтиханнан босатылады.

48. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Машина жасау, өндеу және құрылыш индустриясы», сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және менеджмент» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары топтарының магистратурасына түсетін тұлғалар, магистрлік бағдарламалар үшін қазақ және орыс тілдерінде оқыту тілі ретінде Graduate Record Examinations (GRE) стандартты тестілеуден өтуі туралы баллдары бар халықаралық сертификаты болған жағдайда, осы Ережелердің 3-

қосымшасына сәйкес емтиханынан босатылады.

49. «Бизнес және менеджмент» оку бағыты бойынша білім беру бағдарламалары тобының магистратурасына түсетін тұлғалар, қосымшаларға сәйкес баллдары бар, магистратураға қабылдаудың стандартталған тестілеуінен (GMAT) өткендігі туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда, оқыту тілі ретінде қазақ немесе орыс тілдеріндегі магистратураға кешенді тестілеуден осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес босатылады.
50. Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін Қабылдау комиссиясы тексереді. Университеттің қабылдау комиссиясы түпнұсқалығы расталмаған құжатты қабылдаудан бас тартуға құқылы.
51. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген кезде 46-тармақта көрсетілген шет тілінде (ағылшын, француз, неміс) тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біріне ие тұлғалар ақылы негізде оқуға қабылданған жағдайда 50 балл саналады.
52. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдердегі және 5 жыл ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму үйіміна (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) бірлестіктеріне енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуіне ие шетелдік университеттерді бітірген тұлғалар қазақ немесе орыс тілдерінде оқытылатын магистратураға түсі үшін «Шет тілі» (ағылшын тілі) кешенді тестілеуден босатылады.
53. Өтініште магистратураға түсушілер білім беру бағдарламаларының бір тобын, сондай-ақ жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беретін 3 үйімды көрсетеді.

### **Апелляциялық комиссиялардың жұмысы**

54. Магистратураның білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға түсі (шығармашылық) емтихандарының кестесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне оқуға түсі (шығармашылық) емтихандарына дейін жиырма күнтізбелік күннен кешіктірілмей жіберіледі.
55. Кешенді тестілеудің нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтініштерін қарау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанынан Республикалық апелляциялық комиссия құрылады және КТ қағаз форматта өткізілетін жағдайда КТ өткізуіндегі әр пунктінде апелляциялық комиссия жұмыс жасайтын болады.
56. Араб тілі мен шығармашылық емтихандардың нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтініштерін қарау үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да апелляциялық комиссиялар құрылады.
57. Республикалық апелляциялық комиссияның тәрағасы мен құрамы, кешенді тестілеу өткізу пункттерінде құрылған апелляциялық комиссиялардың тәрағалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің

бұйрығымен бекітіледі. Университеттегі апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

58. Апелляциялық комиссия магистратураға түсушілердің өтініштерін, тест (емтихан) материалдарының мазмұнына және техникалық себептерге сәйкес қабылдайды және қарайды.
59. Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия оқуға түсү (шығармашылық) емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижесімен келіспей апелляция берген тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.
60. Магистратураға түсушінің апелляциялық шағымы апелляциялық комиссияның төрағасына оқуға түсушінің өзі тарапынан жеке берілуге тиіс.
61. Шағымдарды қабылдау түсү (шығармашылық) емтихандары мен КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.
62. Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке жұмыс жасайды. Егер тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмесе, оның шағым беру туралы өтініші қарастырылмайды.
63. КТ қағаз түрінде өткізілген жағдайда КТ өткізілетін пунктте орналасқан апелляциялық комиссия КТ нәтижелеріне шағымданған тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды. КТ өткізу орнына апелляциялық қарау нәтижелерін апелляциялық комиссия Республикалық апелляциялық комиссияға береді.
64. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссияның ұсынысының дұрыстығын қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде КТ нәтижелеріне шағымданған тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.
65. КТ электронды форматта өткізілген жағдайда апелляцияға өтініш тест аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде қабылданады. Өтініштердің дұрыстығын Республикалық апелляциялық комиссия тестілеу өткізілгеннен кейін 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейінгі күнтізбелік күндер ішінде қарастырылады.
66. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде өтініш берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.
67. Апелляциялық комиссиялардың шешімдері комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы комиссия төрағасы мен барлық мүшелерінің қолдары қойылған хаттамамен рәсімделеді.
68. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.
69. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өкілдері түсү (шығармашылық) емтихандары және кешенді тестілеу кезеңінде арнайы бақылау жүргізеді.

## Магистратураға оқуға қабылдау тәртібі

70. Осы Ережелерге қатысты 5-Қосымшаға сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде оқытылатын магистратураның КТ арналған 150 баллдық бағалау жүйесінің межесіне лайық кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша магистратураға қабылдану үшін оқуға тұсу балы: кемінде 50 балл, бұған қоса шет тілінен – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес: бір дұрыс жауапты тандағанда – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандағанда – кемінде 7 балл, оқуға дайындықты анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл болуы тиіс.
71. Осы Ережелерге қатысты 6-Қосымшаға сәйкес ағылшын тілінде оқытылатын магистратураның КТ арналған 100 баллдық бағалау жүйесінің межесіне лайық кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша ағылшын тілінде оқытылатын магистратураға қабылдану үшін оқуға тұсу баллы: кемінде 25 балл, оқуға дайындықты анықтау тестінен – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап тандағанда – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап тандағанда – кемінде 7 балл болуы тиіс.
72. Осы Ережелерге қатысты 5-Қосымшаға сәйкес білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша кешенді тестілеу мен шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға қабылдану үшін оқуға тұсу баллы: кемінде 50 балл, бұған қоса шетел тілінен – кемінде 25 балл, оқуға дайындықты анықтау тестінен – кемінде 7 балл және шығармашылық емтихандар бойынша – әр шығармашылық емтихан бойынша кемінде 7 балл. Әр шығармашылық емтихан бойынша ең көп деген саны – 35 балл болуы тиіс.
73. Осы Ережелерге қатысты 5-Қосымшаға сәйкес араб тілі бойынша тұсу емтиханы мен КТ нәтижелері бойынша араб тілін білуді қажет ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға қабылдану үшін оқуға тұсу баллы: кемінде 50 балл, бұған қоса араб тілінен кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты тандағанда – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандағанда – кемінде 7 балл, оқуға дайындықты анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл.
74. Кешенді тестілеуден және (немесе) тұсу емтихандарынан және (немесе) шығармашылық емтихандардан жоғары балл жинаған тұлғалар мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурстық негізде магистратураға қабылданады:
- 1) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін, сондай-ақ шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша – 5-Қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл;
  - 2) ағылшын тілінде оқытатын магистратура үшін – 6-Қосымшаға сәйкес кемінде 50 балл.
75. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылар қатарына қабылдану Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде ректордың

бұйрығымен жүзеге асырылады.

76. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің магистратурасына түсетін тұлғалар білім беру бағдарламасын таңдау үшін 1-25 тамыз аралығында университет сайтында онлайн-тіркеуден өтуі керек. Түсушілерді тіркеу нәтижелері бойынша оку тобы толық болмаған жағдайда университет оқуға түсушілерді басқа білім беру бағдарламасына қайта тіркеуге құқылы.
77. Мақсаттық дайындау шенберінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған тұлғалармен арнайы үшжақты келісім-шарт жасалады. Тараптар ретінде білім алушы, білім беру қызметтеріне тапсырыс беруші (ЖОО немесе ғылыми үйым) және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қатысады.
78. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылданған тұлғалармен оқу аяқталғаннан кейін кемінде үш жыл мерзімге өтелім келісім-шарты жасалады.
79. Магистратураға түсу емтихандарын сәтті тапсырған, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысымен бөлінген орындарға конкурстан өтпеген тұлғалар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім алушылары қатарына білім беру қызметтерін ақылы түрде көрсетеу келісім-шарттары негізде оқуға қабылдана алады.
80. Білім беру қызметтерін ақылы түрде көрсетеу келісім-шарттары негізде оқуға қабылдану, білім беру қызметін ақылы түрде көрсетеу және оқудың бірінші жылышың құнын толық немесе жартылай (50%) төлеу туралы екі жақты келісім-шартқа отыруынан кейін, қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

### **Оқуға жергілікті бюджет қаражаты есебінен қабылдау**

81. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін үміткерлер Қабылдау комиссиясына құнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін төмендегілерді ұсынады:
  - 1) өтініш;
  - 2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
  - 3) КТ сертификаты және осы Ережелердің (болған жағдайда) 46-49-тармақтарында көрсетілген бағдарламалар бойынша тестілеуден өткендігі туралы сертификаттың көшірмесі және білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан (шығармашылық) тапсырғаны туралы балдары (егер болса) (магистратура үшін) белгіленген көшірмесі
  - 4) еңбек кітапшасының көшірмесі (болған жағдайда);
  - 5) жеке басын куәландыратын құжаттың З данасы.
82. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға түсу (шығармашылық) емтихандарының балдарына сәйкес өткізіледі.
83. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру үйымдарында оқуға қабылдаудың Типтік ережелерімен белгіленбеген сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-ң Қабылдау комиссиясымен қарастырылады және шешім шығарылады.

84. Оқуға қабылданғаннан кейін Қабылдау комиссиясы қүнтізбелік 10 күн ішінде білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы өкілетті органдарға қабылдауды ұйымдастыру және өткізу туралы қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

**Қабылдау комиссиясының  
жауапты хатшысы**

**Ж.Е. Жаппасов**

**Шығармашылық емтихандар өтетін білім беру бағдарлама топтарының тізімі**

<b>Білім беру бағдарламалары тобының коды</b>	<b>Білім беру бағдарламаларын ың топтары</b>	<b>1-пән</b>	<b>2-пән</b>
M032	Дыбыс-бейне құралдары және медиа-өндіріс	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау
M035	Мода, дизайн	Шығармашылық емтихан	Реферат қорғау

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өндегейтін және күріліс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	155 кем емес балл	160 кем емес балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
			Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	145 кем емес балл	140 кем емес балл	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	3 кем емес балл	2 кем емес балл		

**GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы**

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өндейтін және құрылыш салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тест түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	155 кем емес балл	160 кем емес балл	Окуга дайындығын анықтауға арналған тест	30
			Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70

**GMAT стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы**

GMAT халықаралық стандартталған тест		Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Бизнес и управление" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тест түрлері	Балдары
Quantitative Reasoning	40 кем емес балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Integrated Reasoning	4 кем емес балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	20 кем емес балл	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	3 кем емес балл		

**Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы**

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Баллдары
Шетел тілі бойынша тест*	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшынша/ Неміске/ Французша	50	50
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты тандау	Қазақша/ Орысша	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест**	бір дұрыс жауапты тандау бір немесе біннеше дұрыс жауапты тандау	Қазақша/ Орысша	30 20	30 40
Барлығы			130	150

\* араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратурага түсу үшін араб тілінен түсу емтиханы тапсырылады.

\*\* шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратурага түсу үшін шығармашылық емтихандар тапсырылады.

**Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін  
кешенді тестілеудің 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы**

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балдары
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты тандау	Қазақша/ Орысша/ Ағылшынша	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты тандау	Ағылшынша	30	30
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тандау	Ағылшынша	20	40
Барлығы			80	100